

Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 29 Бұйрығы . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 27 ақпанда № 7444 тіркелді.

"Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған нотариустың үй-жайы талаптары бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасына жүктелсін.
3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2012 жылғы 31 қаңтардағы
№ 29 бұйрығымен
бекітілген

Нотариустың үй-жайына қойылатын талаптар

1. Осы Нотариустың үй-жайына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабының 4-тармағына және 21-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Нотариустың үй-жайы аумақтық нотариаттық палатамен белгілеген аумақ шеңберінде орналасуы тиіс.

Нотариус үй-жайының оған белгілеген аумақтан тыс орналасуына жол берілмейді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асыратын бір ғана үй-жайы болады.

Бір үй-жайда бір немесе олар Заңның 15-бабы 4-тармағына талаптарын және осы Талаптарды сақтаған жағдайда бірнеше нотариустар жұмыс істей алады.

4. Нотариустың үй-жайын жертөле үй-жайларда, көлік жанармай станцияларында, көлік жуу орындарында, монша кешендерінде, жер асты өтпелдерінде, киоскілерде, паркингтерде, сауда орталықтары (дүкендер), базарларда (автокөлік базарында), контейнерлерде және басқа да уақытша құрылыстарда орналастыруға жол берілмейді.

Ғимараттың кіретін жерінде осы ғимаратта нотариустың бар екендігі және оның жұмыс тәртібі туралы ақпарат орналастырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.06.2015 № 314 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Нотариустың үй-жайы нотариаттық іс-әрекет жасауға арналған кабинеттен, сонымен қатар келушілер күтетін нотариаттық іс жүргізуді сақтайтын бөлмелерден (холл) тұрады.

Нотариаттық іс жүргізуді сақтау үшін жеке бөлме болмаған кезде, нотариаттық іс жүргізуді нотариаттық іс-әрекет жасауға арналған кабинетте жабылатын темір шкафтарда сақтауға жол беріледі.

Нотариаттық іс жүргізуді сақтайтын бөлек бөлме болған жағдайда, жоғалуға жол бермеу және нотариаттық іс жүргізуге дер кезінде қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында, келесі жағдайлар:

оқшаулық;

үй-жайында (бөлмеде) газ, су құбыры, кәріз және басқа да магистральдық құбыржолдар болмауы тиіс;

үй-жайдың (бөлменің) сыртқы есіктеріне металл парақ қағылады және берік ысырмалары болады;

күзет және өртке қарсы жүйелері болуы тиіс. Орналасуы сырттан кіруге мүмкіндік беретін терезелерге металл торлар орнатылады.

істерді сақтауға және орналастыруға негізгі сақтау құралдарының болуы: стационарлық немесе жылжымалы металл стеллаждармен жабдықталады. Олар оттан қорғайтын құралдармен өңделген кезде ағаш стеллаждарды қолдануға рұқсат етіледі. Құжаттарды сақтаудың қосалқы құралдары ретінде металл шкафтар, сейфтер қолданылады;

Құжаттардың түрлеріне, форматына және басқа да сыртқы ерекшеліктеріне сәйкес сақтаудың алғашқы қорғау құралдарын (мұрағат қораптарын, папкаларды, арнайы қаптарды, пакеттерді) пайдалана отырып орналастырылады;

жарық режимін үнемдеуді сақтау (жасанды немесе табиғи). Табиғи жарық терезе көздеріне жалюздер, қорғаныш сүзгілері, перделер немесе боялған әйнектерді қолдану арқылы шашыраңқы жарық ретінде түсірілуге рұқсат етіледі. Жасанды жарық үшін беті

тегіс жабық плафондар ішінде жанатын шамдар қолданылады. Жарық шұғылыса ультракүлгін түсті бөліктерге бөлінетін люминисцентті лампалар қолдануға рұқсат етіледі;

температуралық-ылғалдылық және санитарлық-гигиеналық режимін сақтау құрылады.

Нотариустың үй-жайы басқа нотариуспен бір офис үй-жайында орналасқан жағдайда нотариаттық іс-әрекеттерді жасайтын кабинеттер мен нотариаттық өндірісті сақтауға арналған үй-жай саны нотариустардың саны бойынша болуы тиіс немесе нотариаттық іс өндірістерінің бір бөлмеде бөлек құлыптанатын темір шкафтарға сақталынуына жол беріледі.

Нотариаттық іс өндірісін келушілердің күтетін бөлмеде (холлда) сақтауға жол берілмейді.

Құжаттарды еденге, терезе алдына, тепкішек алаңдарына немесе реттелмеген бумаға қоюға жол берілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.06.2015 № 314 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға арналған кабинет нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Кабинет мөрді, мөртабан, нотариустың арнайы бланкілерін сақтайтын сейфпен жабдықталады.

Келушілердің күтетін бөлмеде (холлда) ыңғайлы көрінетін жерде нотариус, қабылдау кестесі, аумақтық нотариаттық палата туралы ақпарат (мекенжайы, телефоны), нотариаттық іс-әрекетті жасау үшін заңда белгіленген тарифтер, тарифті төлеу жөнінде заңмен белгіленген жеңілдіктерге қатысты азаматтар санатының тізбесі және нотариаттық іс-әрекет жасағаны үшін төленетін мемлекеттік баж туралы ақпарат орналасуы тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.06.2015 № 314 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады.

8. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 04.06.2015 № 314 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жекеше нотариус үй-жайдың сақталуын қамтамасыз ету және мүліктің ұрлануының немесе жоғалуының алдын алу мақсатында үй-жайға жұмыстан тыс уақытта қол жеткізуді болдырмау, нотариаттық іс өндірісінің сақталуы, нотариустың мөрі мен бланкілерінің сақталуы жөнінде шараларды қамтамасыз етеді. Нотариаттық іс-әрекеттерді жасау және күзететін ғимараттарда құжаттарды сақтау үшін үй-жайды

жалға алған кезде жалға алынған үй-жай күзетпен және өртке қарсы сигнал беру жабдығымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ